



Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлу кезінде субъектілердің мониторинг жоспарларын әзірлеу жөніндегі әдістемені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 10 мамырдағы № 143-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 7 маусымда № 7710 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 27 сәуірдегі № 176 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің 27.04.2016 № 176 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 94-11-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлу кезінде субъектілердің мониторинг жоспарларын әзірлеу жөніндегі әдістемесі бекітілсін.

2. Төменкөміртекті даму департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жолдасын және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *Н. Қаппаров*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ о р ш а ғ а н о р т а н ы қ о р ғ а у м и н и с т р і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 1 0 м а м ы р д а ғ ы № 1 4 3 - ө
бұйрығымен бекітілген

Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлу кезінде субъектілердің мониторинг жоспарларын әзірлеу жөніндегі әдістеме

1. Жалпы ережелер

1. Осы Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлу кезінде субъектілердің мониторинг жоспарларын әзірлеу жөніндегі әдістеме (бұдан әрі – Әдістеме) парниктік газдардың мониторинг жоспарларын әзірлеу әдістемесін

а н ы қ т а й д ы .

2. Парниктік газдар шығарындыларының мониторинг жоспарларын әзірлеу Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 94-2-бабына сәйкес парниктік газдар шығарындыларын квоталау жөніндегі талаптарына жатқызылатын қондырғы операторларымен жүзеге асырылады.

3. Парниктік газдар шығарындыларының мониторинг жоспары (бұдан әрі – Мониторинг жоспары) парниктік газдар шығарындыларын квоталау жөніндегі талаптарға жатқызылатын қондырғы бойынша әзірленеді.

4. Мониторинг жоспары Кодекстің 16-бабы 7-тармақпен сәйкес бекітілген Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарының қолданылу мерзімі шегінде қондырғының барлық пайдаланылу кезеңіне ә з і р л е н е д і .

5. Қондырғы оператор Мониторинг жоспарын өз бетімен немесе тәуелсіз консалтингтік компанияны тарта отырып әзірлейді.

6. Қондырғы операторымен дайындалған Мониторинг жоспары қондырғы паспортына енгізіледі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсынылады.

2. Мониторинг жоспарының мазмұны мен құрылымы

7. Мониторинг жоспары келесі ақпаратты қамтиды:

1) қондырғы бойынша парниктік газдар мониторингі жүзеге асырылатын парниктік газдар шығарындылары көздерінің, отын, шикізат немесе өнім а ғ ы н ы н ы ң т і з б е с і ;

2) парниктік газдар мониторингі үшін пайдаланылатын әдістің сипаттамасы (е с е п т е у л е р н е м е с е ө л ш е м д е р н е г і з і н д е);

3) парниктік газдар бойынша қызмет туралы, жылу жіберетін нетто-мәндерінің, көміртегі құрамының, шығарындылар коэффициентінің, тотығу коэффициентінің, әрбір ағынның қайта құру коэффициентінің деректерін анықтайтын талдамалық тәсілдер немесе ақпарат көздерінің сипаттамасы;

4) парниктік газдар шығарындыларының коэффициенттерін өз бетімен есептегенде өнім, шикізат немесе отын сынамаларын таңдау, көміртегі құрамын, жылу жіберетін нетто-мәндер шамасын, шығарындылар коэффициентін анықтауға арналған әдістерінің сипаттамасы;

5) деректерді жинау және өңдеу, есептер және деректер сапасын бақылау бойынша р ә с і м д е р д і ң с и п а т т а м а с ы ;

6) қондырғы деңгейінде мониторинг пен есептілікке жауаптыларды бөлу.

8. Осы Әдістеменің 7-тармағында көрсетілген ақпаратпен қатар, Мониторинг жоспарының коэффициенттерін есептеуді, зертханалық зерттеулерді және өлшеу

жүйелерін пайдалануды өз бетімен жүргізгенде келесілерді қамтиды:

1) техникалық өлшеу құрылғыларының ерекшелігін, орналасқан жерін, парниктік газдар, отын, шикізат немесе өнім ағындарын көрсете отырып, олардың сипаттамасы, мониторинг үшін олардың өлшеу ақаулары, өлшеу жүргізу үздіксіздігі немесе кезеңділігі пайдаланылады;

2) сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тиісті шаралар тізбесін қоса алғанда, тиісті талдау рәсімдерін және алдыңғы тармақта көрсетілген шаманы анықтау жөніндегі жұмыстарды орындайтын аккредиттелген зертханалардың тізбесі мен с и п а т т а м а с ы ;

3) өлшеу тармақтарын, өлшеу жиіліктерін, пайдаланылған жабдықтарды, калибрлеу рәсімдерді, деректерді жинау мен сақтау рәсімдерін және шығарындылар коэффициенттерінің қызметтері бойынша есептеулерді өлшеу нәтижелерін қосымша растау бойынша тәсілдерді қоса алғанда, шығарындылар көздерін мониторингілеу үшін пайдаланылатын шығарындыларды өлшеудің үздіксіз жүйелерінің сипаттамасы.

9. Парниктік газдар шығарындыларының мониторинг жоспарының құрылымы осы Әдістемеге қосымшада келтірілген.

3. Мониторинг әдістемесін таңдау және негіздеу

10. Қондырғы операторы Мониторинг жоспарында мониторинг әдісін, атап айтқанда парниктік газдар шығарындыларын есептеу бойынша таңдалған әдістемеге сәйкес есептеу әдісін және құрылғылардың техникалық өлшеуін қ о л д а н у д ы н е г і з д е й д і .

11. Мониторинг әдісі қалыпты (тұрақты) өндірістік қызметтен, арнайы тәжірибеден (жіберу-жөндеу жұмысы, үдерісті тоқтату, жөндеу және техникалық қызмет көрсету) және авариялық жағдайлардан парниктік газдар шығарындыларын есепке алуын қамтамасыз етеді.

12. Мониторинг әдістемесін өзгертуге егер де бұл өзгерістер есептік деректердің нақтылығын жақсартып және техникалық тұрғыдан жүзеге асқан жағдайда рұқсат етіледі. Мониторинг әдістемесіне маңызды өзгерістер енгізілген жағдайда қондырғы операторы Мониторинг жоспарына тиісті өзгерістерді енгізеді және ол қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісіледі.

Парниктік газдар шығарындыларына
квоталар бөлу кезінде субъектілердің
мониторинг жоспарларын әзірлеу
жөніндегі әдістемеге
қосымша

Парниктік газдар шығарындыларының мониторинг жоспарының құрылымы

1. Қондырғы операторының сәйкестендірілген және байланыс деректері.
2. Квоталанатын қондырғы бойынша парниктік газдар шығарындыларының көзі болып табылатын қызметтің сипаттамасы.
3. Мониторинг мақсаты.
4. Мониторингке жатқызылатын және қондырғымен жүзеге асырылатын қызметтің және қондырғының сипаттамасы.
5. Қондырғы бойынша парниктік газдар мониторингі жүзеге асырылатын отын, шикізат немесе өнім ағындарының, парниктік газдар шығарындылары көздерінің тізбесі;
6. Парниктік газдар мониторингі үшін (есептеулер мен өлшемдер негізінде) пайдаланылатын әдістер сипаттамасы, соның ішінде:
 - а) қайта түзу және тотығу, шығарындылардың коэффициенті, парниктік газдар жөніндегі қызмет туралы деректерді алуға арналған әдістемелердің деңгейлік тізбесі;
 - б) қайта түзу және тотығу, шығарындылардың коэффициенті, парниктік газдар жөніндегі қызмет туралы деректерді анықтауға арналған әдістер сипаттамасы немесе ақпарат көздерін көрсету;
 - в) шығарындылар коэффициентін, көміртегі құрамын, жылу жіберетін нетто-мәндер шамасын анықтау үшін отын, шикізат немесе өнім сынамалары әдістерінің сипаттамасы – егер де бұл көрсеткіштерді қондырғы операторының өзі есептеген жағдайда;
 - г) өлшеу жүйелерін пайдаланған жағдайда – олардың ерекшелігін, орналасқан жерін, парниктік газдар, отын, шикізат немесе өнім ағындарын көрсете отырып, олардың сипаттамасы, мониторинг үшін олардың өлшеу ақаулары, өлшеу жүргізу үздіксіздігі немесе кезеңділігі пайдаланылады;
7. Деректерді жинау және өңдеу, есептер және деректер сапасын бақылау бойынша рәсімдердің сипаттамасы.
8. Қондырғы деңгейінде мониторинг пен есептілікке жауаптыларды бөлу.